

Қайсар
ӘЛІМ

Қос айқау



Қайсар ӘЛІМ

Қос айқай

Торғай, Қостанай өңірі
ақындарының айтысы



FOLIANT
БАҒПАСЫ

Астана-2012

УДК 821.512.122
ВВК 84 (Қаз) 7-5
Ә 55

Ә 55 ӘЛІМ Қ.,
Қос айқай. *Торғай, Қостанай өңірі ақындарының айтысы.* –
Астана: Фолиант. 2012. – 520 бет.

ISBN 978-601-292-428-2

Бұл кітапта Торғай, Қостанай өңірі ақындарының 1968-2004 жылдар аралығындағы жүйелі болмаса да, ішінара айтыстары жинақталып беріліп отыр.

Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі аламан сөз додасының сайыпқырандары төкпелеген жыр дестелерінде ел мүддесі әр қырынан жарқырап ашылады. Қоғам дамуына сыни көзқараспен септесу арқылы ұлттық өркениет биігінен көрінуге деген ұмтылыс айтыс мәнін үстемелеп тұрғандай.

УДК 821.512.122
ВВК 84 (Қаз) 7-5

ISBN 978-601-292-428-2

© Әлім Қ., 2012
© «Фолиант» баспасы, 2012

*Көтерсем қос айқаймен Қостанайды,
Қандай жан рас сөзді қостамайды?..*

*Нұрхан Ахметбеков,
Қазақстанның халық ақыны*

ҚОС АЙҚАЙ

(Кіріспе орнына)

Кеңес үкіметінің тұсында, анығырағы – Ұлы Отан соғысы уақытында: «Ел рухын ерлікке шақыру, еңсе көтеру үшін айтыс ұйымдастыру керек», – деп Мұхтар, Сәбит ағаларымыз Орталық Комитетте мәселе көтерген еді. Абырой болғанда, бұл ұсыныс бірауыздан қолдау тауып, 1943 жылы Кеңес үкіметі кезіндегі қазақ тарихында тұңғыш рет республикалық айтыс өткен. Ол айтыс шынында да ел рухының көтерілуіне көп әсер етті. Бірінші орын алып, «топжарған» атанған Нұрхан Ахметбеков, ол кезде темір тұлпар жоқ, бәйгеге ат мінген екен. Көзі қарақты қариялардың айтуынша, сол бәйгеге тігілген атты Қостанайдағы әйгілі №116 жылқы зауытынан алдырыпты.

Солайтыста алқа мүшелері қостанайлық Нұрхан Ахметбеков пен көкшетаулық Молдахмет Тырбиевтің жекпе-жегін үздік деп таныған болатын.

*Күләнда БӨКЕШЕВА,
зейнеткер ұстаз*

Молдахмет:

Домбырам күй төгілер пернесінен,
Қанатым жел саулатқан сермесінен.
Жел қобыз нәсер құйған жаңбырдайын
Өлеңді ағытайын термесімен.

Тайпалған тарлан жүйрік топтан озған,
Кең алқап айдын көкке құлаш созған.

«Өлең-жыр – терең сырдың қазынасы»
Деген бар күй төгілер көрі боздан.

Айбынды арыстандай айбарым бар,
Желпілдеп желге өрлеген айдарым бар.
Жай тастап, құлашымды кең созамын,
Аспанда өн шырқаған айқайым бар.

Ай балқып, күн көрінген сағанақтан,
Күй шалқып айыр көмей тіл мен жақтан.
Тел өскен, қатар өскен Қостанайым,
Сұраймын хал-ахуал сіздің жақтан.

Нұрхан:

Ел-жұртым, асыл-меруерт сөз құралсын,
Алдында астанамның мейірі қансын.
Шарықтап даусым көкке самолеттей
Ойран боп жаудың тобы бомбалансын.

Кең толғап сең жетпейтін тасқынымды,
Алдыңда ақтарайын бар сырымды.
Жай тастап құлашымды Құлагердей
Шаңдатып көрсетейін шабысымды.

Қу ілген айдын көлдің сұңқарымын,
Ешкімге жібермейтін намысымды.
Көмейдің барабанын күңірендіріп,
Көрейін көкке өрлетіп дауысымды.

Сайраған Сарыарқаның бұлбұлымын,
Торғайдың топтан озған дүлдүлімін.
Атамыз – Алатайлы батыр Шақшақ,
Сом алтын Ақжарқынның кіші ұлымын.

Еділден атам Шақшақ есіп өткен,
Жайықтың жалпақ суын кешіп өткен.
Қазақтың қамын жеген Едігедей
Егескен жаудың басын кесіп өткен.

Кім озар Қошқарұлы Жәнібектен,
Шақшақтың немересі асыл тектен?

Қас жауды қонысынан қойдай қуып,
Халқы үшін қабырғадан қанын төккен.

Қабанбай, Қара палуан, Күрең шешен,
Әйтеке, Табын Серке, Тама Есетпен,
Ақылгөй Үйсін Төле сегіз қыран,
Қазаққа қоныс алып беріп кеткен.

Атақты Наушабайдың Нұржаны өткен,
Арқаға өн тұқымын осы еді еккен.
Тобылдан төңкерілген бір зор айқай
Сібір мен Сыр суына балын төккен.

Ыбырай Сарыарқаның пырағы еді,
Халықтың күндей жанған шырағы еді.
Алтынның шығар жерін белден қазып,
Ғылымның кілтін қолдан бұрап еді.

Атағы Амангелді – мың бір дастан,
Ақырса су шығарған қара тастан.
Кешегі Рүстем мен Сейітбатталдай
Майданда салды қиғаш тапжылмастан.

Ер талып, күн туғанда ел басына,
Шықты елім шамырқанып дөң басына.
Кескілеп керегесін ойран салды,
Ойран сап, хан мен бектің ордасына.

Бақыттың алмақ болып биік шыңын,
Халықтың соңына ертті ұл мен қызын.
Әлібиден бұрын көрген бір қазақ жоқ
Лениннің кең маңдайлы алтын жүзін.

Мынау бір қатты жорық құла майдан,
Көпіріп қан жосыған қыр мен ойдан.
Кешегі батыр Сұлтан* өз ұлының
Ерлігі елге мәлім кетпейді ойдан.

* Сұлтан – Совет Одағының Батыры Сұлтан Баймағанбетов

Молдахмет:

Көкшөмнің мұнар бұлты көкті сүйіп,
Сан қыран кете алмаған көзі қиып.
Ну тоғай баурайында жайлауы ырыс,
Мақтаған талай ақын жер деп ұйық.

Өскелең өрге ұмтылған Шоқан өскен,
Жігіті өскен емес болып бұйық.
Оқжетпес зеңгір көкке құлаш созған,
Етекте сексен көлім жатыр сыйып.

Сарыарқа самал желдің саясында,
Кең алқап алтын кесе аясында.
Толқытып талай бұлбұл өн шырқаған
Асқар ну биік шыңның қиясында.

Көкшеде Біржан өткен толғап әнін,
Ел сүйген естігенде толғағанын.
Өн шырқап домбырасын көкке сермеп,
Ағызған көздің майын, тілдің балын.

Өтіпті өн бұлбұлы Ақан сері,
Топта озып жүлде өңгерген Құлагері.
Саласын Сырымбеттің күңірендіріп,
Арқаның асау туған ардагері.

Көкшөтау – өн бесігі, ел ордасы,
Көкшөтау – өлең-жырдың дариясы.
Көкшөтау сал-серіге мырза болған,
Көкшөтау – тілдің балы, сөздің нөші.

Үнемі кете бермей сөзбен желдеп,
Сал қылық, қыла бермей жырмен көлбеп.
Айтқанда байлығымды жұрт алдында
Нұрханым, бүгежектеп қалма терлеп.

Нұрхан:

Көтерсем қос айқаймен Қостанайды,
Қандай жан рас сөзді қостамайды?
Әдеті Қостанайдың сіздей емес,
Астығын қарға былғап тастамайды.

Ерте айдап егіндерін алды басып,
Қорама мал азығын алды тасып.
Қысылмай қыс қамына қамданғасын
Отырмыз ұядай боп орналасып.

Жалдама, Мұқыр, Сары, Жыланшыққа
Алыстан Асан Қайғы болған ғашық.
Өлкейек, Қабырғаны өрлеп жатқан
Қалың ел қонысымен беткейі ашық.

Сарбалқаш жайлауы кең белдерім бар,
Балықты-балдырғанды көлдерім бар.
Шортаны шу асаудай шоршып жатқан
Ақ сазан, жайын жүзген көлдерім бар.

Күмістей сылдыраған суларым бар,
Қоңырқаз көлде ойнаған, қуларым бар.
Көрінбес қырық мың жылқы қуысынан
Нарқамыс найза биік нуларым бар.

Жері асыл Қопшалақтың дымқылданған,
Мамықтай жанға жайлы былқылдаған.
Боталап жүздеп іңген май айында,
Колхозшым шұбат ішіп сусындаған.

Қолына таң сәріден құман алып,
Кәрі ене келініне тұр-тұрлаған.
Кешкілік қыз-келіншек түйе байлап,
Бұралып буындары былқылдаған.
Қоңыр кеш құлағына сазы келеді,
Күй қаптап көлдің басы сыңқылдаған.

Колхозым «Қызылқоға» қызғылықты,
Құйрығын бедеулердің сүздіріпті.
Түн қата қосын айдап тебіндейді,
Сезбейді құлын-тайым ызғырықты.

Ақмылтық, алақаншық боран соқса,
Шаруа былқ етпеген тыңғылықты.
Жылқышы омырауын ашып тастап,
Қарасаң қыстыгүні тым қызықты.

Бастығы орден алған Хамит ерім
Шығарған жылқы өсіріп маңдай терін.
Мыңдаған томаға көз гүлпар айдап,
Майданға жүріп кетті қорғауға елін.

Бір колхоз «Пролетардан» озбайтұғын,
Аманның жері түкті тозбайтұғын.
Қозы-лақ, тоқты-торым есебі жоқ,
Мың жарым саулығы бар қоздайтұғын.

Құмдысай, Құсмұрынның бойын қаптап,
Тоқтысы қоздап, ешкісі егіз лақтап,
Шелденіп шие жеген өңкей бағлан,
Құйрығын көтере алмай ырғалақтап.
Мен сізге «отчет» беріп отырғам жоқ,
«Итогтап» не қыламын топтап-шоттап?

Осындай кейбіреуін мысал етіп,
Айтамын отырсын деп есте сақтап.
Миллионер колхоздарым толып жатыр,
Қайсысын тауысайын айтып, мақтап.

*«Қазақ әдебиеті»,
23.07.2004 ж.*

1968 ЖЫЛ

Аудандық ақындар айтысы

М. Ахметбековтің беташары

ВЛКСМ-ның 50 жылдық мерекесі қарсаңында аудан орталығында аудан совхоздары жас ақындарының айтысы болып өтті. Айтыста ардагер ақын Нұрхан Ахметбековтің баласы Мәлікзада төрешілік етіп беташар жасады.

Төменде осы ақындар айтысының ықшамдалған түрін беріп отырмыз.

Тарихтың бетін ашқан Ұлы Октябрь,
Арқауы ақындардың жыры – Октябрь.
Баршаның бақыты – ол, болашағы,
Жастардың жақын досы, сыры – Октябрь.

Октябрь – таңның нұры арайланған,
Барлық жан мейірлене қарайды оған.
Бар бақыт, бар байлық сол Октябрде,
Ап-айқын көрінгендей шарайнадан.

Қару ап ер азамат атқа мінді,
Ыза-кек, ашу-қайрат ақтарылды.
Ұран сап Компартия елді бастап,
Тудырды алып ұлан Октябрді.

Жан қалмады Октябрь деп үн қатпаған,
Су кешіп етігімен, түн қатпаған.
Октябрь тудырды ұлы комсомолды
Орап ап Қызыл туға құндақтаған.

50 жыл – асқаралы асу жылы,
50 жыл – бақыт жылы, пашу жылы.
Пашырап коммунизм нұр сәулесі,
Байлықтың бұлағы атқан тасу жылы.

Торғайдың өзі – тарих тұнып тұрған,
Тартыста талайларды шынықтырған.
Ту тігіп алғаш рет Амангелді,
Штабын жауға қарсы құрып тұрған.

Қамы үшін жанын қиды ұрпағының,
Тау мен тас жыр етеді қырқа бүгін.
Әлі тұр құлағында дүбірлеген
Дыбысы Амангелді тұлпарының.

Төсіне төңкерістің туын тіккен
Ерлер көп көз жетпесті жақын еткен.
Жерлесім соның бірі – қатар шыққан
Сарбаздар Қанапия, Хакімбекпен.

Орнатып мәңгі бақыт мекеніне,
Гүл шығып гүл жазира етегіне.
Сарбаздар Қызыл туды бекем ұстап,
Кетпеді жауыздардың жетегіне.

Торғайда қарт сарбаздар қазір де бар,
Кім сенбес куәсі олар екеніне?
Ақаң қарт, Ғаббас пенен Хамидолла,
Алаштың қарсы шапқан нөкеріне.

Өрелі іс ағалар көп бастап кеткен,
Төменді тау, әлсізді асқақ еткен.
Тапсырып өз қолынан жаңа заман,
Таяғын эстафета тастап кеткен.

Кім еді шаттық берген жан басына,
Кім еді алып шыққан тау басына?
Ол – біздің Компартия ұлы Ленин
Бақыттың шомылдырған дариясына.

Төрінен Торғайымның күн шығып тұр,
Бейбітшілік, бостандық үн шығып тұр.
Тамаша күннің түскен шапағынан
Жарқырап жер-жиһаннан нұр шығып тұр.

Келтіріп елдің құты, берекесін,
Көтерген еңбектегі ел еркесін,

Жиналып ақын қауым келді бүгін
Жырлауға комсомолдың мерекесін.

Жиналды өңкей жүйрік шалмайтұғын,
Талай күн шапса-дағы талмайтұғын.
Көбісі делебесі дуда қызған
Жампоздар үзеңгіні таңдайтұғын.

Тұлпардан тайбурыл тұяқтанып,
Өлеңнен өрен құрып зияттанып.
Ғабиден шабыттанып отыр бүгін
Арқаның ақиығы сияқтанып.

Жойқын күш Жолдыбекте жатыр бұғып,
Халайық, қадырынша алсаң ұғып.
Ән мен сөз екпінінен дауыл тұрып,
Алардай қара тастың суын сығып.

Шалқардың терең тартқан сүйрігіндей,
Бәйгеде қалған емес бір жүгірмей.
Тәуіштен топқа түсе келіп отыр
Жұмәділ жабылардың жүйрігіндей.

Сөрінжіп – арынды ақын аңқылдаған,
Секілді алмас қылыш жарқылдаған.
Дауысын есітесіз қыран құстай,
Қызбелдің қиясында саңқылдаған.

Жүйріктің бірі осы топтан озар,
Алты күн шапса-дағы алқынбаған.
Жас ақын жүйрікті көп талғамайтын,
Дегендей бас бейгені алам айқын.

Қунақы отыр бүгін топқа түсе,
Оңтайлап домбырасын Балғабай тың.
Таңатқан – танымалы дарынды ақын,
Етене ән мен жырға туды жақын.

Нық отыр сенімі мол палуандай
Егесте жібермейтін жігіт қақын.
Керек деп егес маған дәл осындай,
Шаңыма қалар еді шаң қосылмай.

Дес бермес теңдесіне көшелі ақын,
Сөз берсең дайын отыр Нағашыбай.
Сапар да сапырмалы төкпе ақын,
Қашаннан еті үйренген көпке жақын.

Деген бар шын жүйрігің бой көрсетсе,
Жүйрікті осы болар епке алатын.
Дауысы Тазагүлдің Сырдан асқан,
Сазды әуен салиқалы жыр ұласқан.

Қажымас қайраты мол ақын жырау,
Айтса да осы тойда мың бір дастан.
Балғабай – ақынжанды, үмітті әнші,
Шаужайласаң салдырмас саған қамшы.

Мақтадым ақындарды бір азырақ,
Болмаса топ ішінен жамандаушы.
Ал енді ақындарға сөз берейік,
Тыңдаушы, көркем сөзден нәр терейік.

Белгісіз кім озары, кімдер қалыс,
Халайық, шабыстарын бір көрейік.
Жүлдегер еңбекте озар қажырлыны айт,
Ветеран аға ұрпақ қадірліні айт.

Суырып өткір қылыш сын семсерін,
Жазықсыз жапа шеккен жәбірліні айт.
Береке, елге кірген жаңалықты айт,
Аға ұстаз ақыл берген даналықты айт.

Білімнің дариясынан сусындаған
Сан жылғы жемісті іс саналылықты айт.
Еңбекте есе бермес ерлеріңді айт,
Байлықтың көзін ашқан белдеріңді айт.

Көк майса, көк бетеге жоңышқалы,
Май шыққан май шағырлы жерлеріңді айт.
Ашып айт, әділдікті асырмай айт,
Басып айт, кемшілікті жасырмай айт.

Жалқауды, жатып ішер жалақорды
Жаншып өт көктен түскен жалындай-ақ.

Тау суы ақын бейне аққан құлап,
Келеді алды дария, арты бұлақ.
Ақындар, есепке алып елең қылма,
Кетсеңдер бір-біріңе артығырақ.

Қызбелдік Сәрінжіп Дайыров пен албарбөгеттік Жұмаділ Қалиевтің айтысы

Сәрінжіп:

Ал, кеттім, жырды желпіп көк аспанға,
Өлеңім өзге өзіңмен таласқан ба?
Кетуші ем күндік жерге оза шауып,
Бой бермей жол-жөнекей жанасқанға.

Жарыста байқасақ деп беріктігін,
Жастарым жол бергенде сеніп бүгін.
Көгінен көңілімнің ән ұшырып,
Талайды тамсандырып келіп тұрмын.

Өміршең өрлегендей өнікті өлең,
Жұлқынтып жырды бүгін төгіп берем.
Алдымда Сырбай, Ғафу, Нұрхан жолы,
Ақын ем жақсыларға еліктеген.

Уа, Торғайдың даласы, тойым бүгін,
Қуанышқа болмайды тойымдығым.
Жарқылдатып өтейін өмірімді,
Тыныш жатсам ойымды сезеді кім?

Қызбелге сұқтанбаған көз қалды ма,
Сырлы өлең, сиқырлы күй, сөз қалды ма?
Ортаймас қазынасы Қаратаудай
Орнықты отау болды өз алдына.

Заманның алға аттаған көшіндеймін,
Келешек ертеңгі ұрпақ есіндемін.
Тойымда топтан озып жыра тартып,
Еркіндеп ерекше бір есілгенмін.

Елу жыл ұлы адаммен бірге аттадым,
Бетінде бес орденнің тұрды аттарым.

Ал бүгін арманымды алаулатып,
Айтайын сыр қазынасын, жыр қатпарын.

Жүмәділ, жыр жолында жарысқаным,
Қатайсаң сенде бірі ең қарыспаның.
Бөгемей берейінші кезегінді,
Қолыңа домбыранды ал ұстағын.

Жүмәділ:

Жырлайын ұлы думан мерекені,
Жырлайын Отанымды берекелі.
Орындап Компартия тапсырмасын,
Комсомол көрініп жүр ер екені.

Дұшпанға бастырмады өз ерісін
Мәңгілік есте қалды талай есім.
Азамат соғысында жалынды жас
Көрсетті шын ерліктің шежіресін.

Сол кезең оралғанда көңіліме,
Көз салсам көрі Татыр өңіріне,
Іздеймін құрбан болған аға ізін,
Шадман бақытты менің өміріме.

Ешкімнің зая болмас ақ ниеті,
Әр жайды баяндайды тарих беті.
Сұрасаң Ғаббас шалдың әлі есінде
Татырда өткен соғыс суреттері.

Бұл жерде біздің Тәуіш орналасқан,
Төбесін күмбездеген мөлдір аспан.
Сылдырап өзен суы ағып жатыр
Жағасы көмкерілген мәрмәр тастан.

Тәуіштің өткен ерін жазса бастан,
Болады оқырманға біреу дастан.
Бұл жерде болған кезең оқиғасын
Жадыма тоқып келем бала жастан.

Сөйлетейін сөйлер мезгіл деп келгенде,
Ол кезде лықа толы жастар елде.
Жаркөлде алғаш хатшы Опа болды
Ауылға комсомолдық топ келгенде.

Көп болды тосын істің қыр мен сайы,
Күндіз-түн ойлайтыны – жастар жайы.
Шешуге қиын соғар жұмыс болса,
Көмекші – Байжұма мен Нұрыбайы.

Комсомол – елдің көркі, ауыл сәні,
Көңілге гүл орнатар жастар әні.
Уа, Сәке, кезегіңді бердім енді,
Тарихын совхозыңның айтшы көні.

Сәрінжіп:

Өзгерді танымастай далам менің,
Береген болып алды сараң белім.
Андағұл Ақбұлақтың алабына,
Ақыным, ат жүгіртіп барар ма едің?

Құттыбай, Амантайдың қос бұлағын
Жаз жайлап жанымды бір қош қыламын.
Маңына мамырлатып мал семіртіп,
Тәулікте кило салмақ қостырамын.

Алабы ат шаптырым Сарқопаны
Көр бүгін көз тұндырып таңдантады.
Ауылымның ортасында ұлы Ленин
Жол нұсқап армандарды алға артады.

Тыңдап көр, тынысымды ал, халайық,
Құмардан шықпай, сірә, тарқамайық.
Ауылымның алғашқы ұшқан қарлығашы
Болыпты Сұлтанбек пен Байтоғаев.

Жастығын жаңа күнге бағыштаған,
Жігерін жанып түскен алыс қадам.
Семсердей сілтегенде Самыратов
Қас жауын серіктіктің жаныштаған.

Қарттарым Тажин Мұхтар, Көпейім де
Жүреді жігер беріп көкейімде.
Әмірхан, Қошқар сынды батырлар көп,
Ардақтап атын айтып өгейін бе?

Сан мүше серіктікке алғаш кіріп,
Жіберген жас ұйымды қаз бастырып.
Қаракөз, Сұлтанғазы, Адай ағам
Кетіпті бізге істерін жалғастырып.

Жөн бүгін аға ұрпақты еске алуым,
Асынған арман үшін бес қаруым.
Он жылдай Обағанда қызмет қылған
Комсомол ветераны Есжановым.

Дүбірі дүниені дүр еткізген
Туыпты от-жалынды жүрек бізден.
Қан кешкен алты жылын Ерден ағам
Бауыржан батырменен бірге өткізген.

Есігін айқара ашып астананың,
Біліммен бекем еткен жас талабын.
Қайырдан, Сайлау, Сәбит, Фазылханды
Жолымен комсомолдың бастағанмын.

Жүмәділ, сенің мұндай жасың бар ма,
Екпінің бір аттамда басылған ба?
Үлкен бір істерінді айтып жібер,
Келіспес ақын жаны жасырғанға.

Жүмәділ:
Түнеріп көптің жүзін бұлт басқанда,
Лепіріп кемерінен су асқанда
Комсомол ел қорғауға шеру тартты,
Сұм неміс тосын тиіп от шапқанда.

Аттанған ауылдың ер-азаматын
Құрметпен жерлестері атайды атын.
Сақтады ескерткішке інілері
Жәркеннің анасына жазған хатын.

Қиындық жігерліге емес бұйым,
Соғыста ер атанды бұл жас ұйым.
Берлинде жауды жеңіп елге оралды
Бүгінгі малшы Қойшы, Биғалиым.

Совхозым «Албарбөгет» атышулы,
Алып жүр сан жарыста Қызыл Туды:
Жастарым өрге аунаған тау тасындай
Білмейді ешбір істен жасқануды.

Жастары Сарсуымның еңшең өрен,
Шамшырақ замандастың сыры терең.
Жас шопан Нағашыбай Рәшевтің
Мал бағу жұмысында еңбегі өрен.

Көргенде сатушы қыз Гүлбарашты,
Ақыным, неге сонша құтың қашты?
Жаудырап қайта-қайта қарай бердің,
Шамасы, жас арудың мысы басты.

Айнадай дүкен іші жалтыраған,
Байқадым, көңілің толды өзің де оған.
Еріксіз елу сомға сауда жасар
Кездейсоқ жолаушыны кім зорлаған?

Сарсудың көкке өрлеген көр де ағашын,
Байыптай дос көңілмен бер бағасын.
Жамылған жасыл желек қалашықты,
Кімдердің дәті жетіп жамандасын?

Жоқ екен совхозыңның парк-бағы,
Кеміс қой демалатын орын жағы.
Сауалға осы азғана не жауабың,
Ал, көрші, кезегіңді алшы тағы.

Сәрінжіп:

Бөйгеде мүше бермес ақтангермін,
Шалқайсам, шамаң келмес жатқан кермін.
Комсомол түлегі боп тыңға аттанған
Ауылымда мен де бірі мақтаулы ердің.

Ақын ба шабысында сыр алдырса,
Көңілің күйлі өлеңнен суалдырса.
Малшы ақынмын мақтаулы достарым көп.
Соның бірі – комсомол Қуан, Мұса.

Көз тоймас қарасаң да қай жағыма,
Көңілімді көтерді ғой пайда мына.
Аудандық пленумның бір мүшесі
Бақытбек пар келеді Тайманыңа.

Еліңді елеңдеткен тың алабы,
Ағат қой айтпай кету Күлпараны.
Ауылыңда Күлпараның бастамасын
Айтшы, ақын, сенен бөрі кім қалады?

Күлпара әлі күнге тракторде
Жоспарын орындайды бір-ақ күнде.
Апаның жолын құмақ Тоташымның
Талабы кетті маған ұнап мүлде.

Бөріңде клуб, монша бөлімшенің,
Бола ма сенен озып көрінсем мен?
Тұрғыздым өз қолымнан барлығын да,
Ас берер аузыңа әкеп ерінсең кім?

Мектебім – мың балалық бір қалашық,
Сен түгіл Торғайдан да тұрған асып.
Ішін айтсаң – бір дастан, тек сыртынан
Өтесің таңдай қағып бір қарасып.

Айшықтап қабырғасын безендірген
Сиқырын қыл қаламның сезем бірден.
Мың түрлі портрет бар қилы өмірден,
Бес түрлі комсомолдық кезеңді ілген.

Жетекші жастарыма Жарылғасын,
Күніне бір көрмесең сағынасың.
Он қолы он түрлі істе майысады,
Спорттың сан түрінен тағы басым.

Волейбол, футбол, бокс – бөрі дайын,
Жүлдені жеңіп алған әрдайым.
Күрестен басқа білер дөненең жоқ,
Жүмөділ, басқанды айтып неғылайын?

Таңатқан, Балғаш, Бақыт, Гүлсімімді
Айта бар, ауылыңа болсын үлгі.

Нұржиһан, Ләйла, Гүлнар, Қайсар інім
Көтермес өнерпазым қорсынуды.

Көрсетпес қиындықта шаршағанын
Ауылымның асқарындай комсомолым.
Озатым Ораз, Қорған, ақ Қабиден
Арманның алдан күткен таң самалын.

Серғали, Қашау, Келден, Жақсылығым,
Еңбекке ерте кірген жатшыл інім.
Өзгеше өрендерің қайда сенің,
Ел білсін, ең болмаса, айтшы бірін?

Сәулетті спорт сарай мектептегі,
Жаңа іс, жақсы жерде өтпес тегі.
Сапарда сарай түгіл, алаң да жоқ,
Доп қусаң жүргізбейді көкпектері.

Толқынтып асау-жырды ақтар тағы,
Айбарым ашулансам жасқантады.
Жастықта шыдата ма намыс оты,
Қай ақын кезегінен бас тартады?

Жүмәділ:

Ақыным, әнге салсаң аңқылдайсың,
Жасырмай сырыңды айтсам, мақұлдайсың.
Бар шаруаң төрт аяқтан тұрғандай-ақ
Аспаннан жерге түспей тақылдайсың.

Қоймадың домбыранды сабап жанай,
Сенің де кемшілігің бар ғой талай.
Ішінара Тобылбайдай жастарыңның
Ақтарып айтайын ба сырын қалай?

Ашуы Қожағыңның неткен қатты,
Бұл қимыл кімге зиян, кімге батты?
Соқтырып машинамен тракторды
Көзбе-көз Торғайбекті зар жылатты.

Бірақ сен оған тоқтау жасамадың,
Қашанда малы түгел бас аманның.
Берін де кеңшілікпен қоя берсең,
Кетпей ме беркі кеңіп көп жаманның?

Сынымды, Сәрінжібім, мақұлдарсың,
Жөн болмас дерекіге бас ұрғаның.
Семьясын шырқын бұзған төбелеспен
Дұрыс па Таласыңды жасырғаның?

Қарулы Тұрсынғали аңғал мінез,
Әр түрлі оқиға болып жүр кез.
Минковпен болмашыға ренжіскен,
Ұрыншақ жігіт екен ашуы тез.

Айтсайшы соған ақыл мақтағанша,
Дөп сынға себеп тауып ақталғанша.
Совхоздың комсомолдар комитеті,
Еш шара қолданбаған, амал қанша?

Аралап совхозымды көрдің өзің,
Сом білек жігіттерге жоқ сөзің.
Құмынан Қарақұмның құлан жортпас,
Орнатты бір ферманы қайсар төзім.

Келбеті кең даланың сырлас маған,
Көгінен қос қанатты құс аспаған,
Гүл егіп тың даланы құлпырттық біз
Бір кезде құлан жортып, жан баспаған.

Қыстақтар Орбас, Ақжар, Сарапанды
Бұл күнде құт-береке жер атанды.
Жастары Қарақұмның Кәдек, Төлен
Өнімді еңбегімен ер атанды.

Тынымды Кенжеғали қызы Нестай
Еңбекке араласты өте жастай.
Жұмыстың бар түріне оралымды,
Совхозда замандасы келеді аспай.

Осындай жасың бар ма, айтшы маған,
Шөп шауып ақ маңдайын күн қақтаған?
Қыздары совхозыңның кілең кербез
Еш іске қол тигізбей бұлғақтаған.

Мақтадың сен несіне Тоташыңды,
Онан да айтпайсың ба тете шынды?

Оқуға СПТУ-ға кетті дейсің,
Өзің де білмей қапсың ботапшыңды.

Бұл күнде ол қарындас үйінде жүр,
Баяғы өзің көрген күйінде жүр.
Аузыңмен орақ орып бөскеніңше
Осыны көңіліңе түйінде бір.

Күлдір мен Бибі, Шара қарындасым
Оқып жүр СПТУ-да, айтпассың сын.
Ол ертең тракторды басқарады,
Сен үшін бұл, әрине, ерлік тосын.

Көргенде ырза болдың қыздарымды,
Елемес күзгі дауыл ызғарыңды,
Айқайға залдың іші толмай жатыр,
Уа, Сәке, қапы қалма, сал барыңды.

Сәрінжіп:

Аралап ауылыңды келдім кеше,
Жайың бар менен тіпті кем бірнеше.
Сезбессің тойға алаңдап ақын жігіт,
Кінәңді төбеңізге төндірмесе.

Елу жыл ел арманы өтегелі,
Санама өзіңізге бөтен мені.
Ел жаңа елу жылда деген қайда,
Көнсеңіз еңсесін бір көтермеді.

Сөзде бір жалған болса күн қашады,
Риясыз ақын көңіл сырласады.
Ақыным, алдағы күн сақ болғайсың
Аулыңды алдыменен құм басады.

Ауылымды жасыл желек орады деп,
Алдымды аңғырт сөзбен орадың көп.
Тәуішке төрт-бес талың пана болмас,
Бір күні соғып кетсе бораның кеп.

Безенген клуб үйің қайда, ақыным,
Жаңылдық жасағандай жанға тыным.
Есіңе елу жылдың әлі түспей,
Онан да десейші, ақын, жай жатырым.

Қызбелден қырық мың бұлақ құйылады,
Көрген жоқ су жөнінен қиын әлі.
Тәуішке биылғы қыс су түспесе,
Ауыз су қай араңнан бұйырады?

Қазылған жоқ қой жалғыз құдықтарың,
Келер жыл келмес реті сырғытпаңның.
Бір-екі шұңқыр қазып алдырсайшы,
Жұтқанша қаражаттың қылғып бөрің.

Қыс жақын, Жүмөділ-ау, бір ай қалды,
Жөтермес кезең ғой бұл құр айқайды.
Салдырған құм ішінде қораларың
Тіреуін түртіп қалсаң, бұраңдайды.

Тәуіште төртті-бесті мал қорасын,
Керсең де Қазаққа айтып бармағансың.
Көбінде үйлеріңнің сылағы жоқ,
Қалайша ерте жөндеп алмағансың?

Білмедік Тайекеңнің жай-жапсарын,
Қияда қандай қиқымет ойласқанын.
Төрт-бес үй Тентексайда қалып қойып,
Көрдік қой жанға тыныш жайласқанын.

Қарақұм күш-қуатты тегіс алған,
Ортайып қалған екен өріс малдан.
Бір күні тастап шығып Тентексайды
Бермесін Базылбектің көбін саған.

Арманның алдағы асу көк белесі,
Жастық қой жанымыздың көктемесі.
Бақыт мол, біз бітірер біле-білсең,
Өмірдің өреніміз көп бересі.

Әке мен аға арманын орындалық,
Сыпайы сынға, сірә, қорынбалық.
Арманшыл ауылыңа айта баршы,
Жолдайын сөлемімді қолыңды алып.

Жүмәділ:

Уа, Сөке, жетістікті өттің айтып,
Жасырып кемістікті қойдың қайтып.
Жел сөзбен бар шаруаны төмамдадың,
Отырған көпшілікті әнмен байытып.

Жүгері керек жерге тасылмаған,
Тасылса, трактормен басылмаған.
Жалқаусып жақсы сүрлем жасамайсың,
Ескертіп Қабден салға айтшы оған.

Алтын таң күліп туар алдан бүгін,
Жел сөздің жетегіне алданды кім?
Алты айдың қорытындысы совхозыңның
Көрсетті соцжарыстан қалғандығын.

Танисың тракторист Өмірзақты,
Әдепті мінезімен жұртқа жақты.
Бір өзі ферманың шөбін шауып,
Борлының беткейінде дабыл қақты.

Естілсе көпшілікке шалқып өнім,
Жолында жырдың талай шарқ ұрамын.
Жырыма сырлы сөзім, шабыт берген
Ұлымын коммунистік партияның.

Айтыстық кезек алып, уа, көршім,
Өміршең өлең бізден туа берсін.
Табыстың көрнейік биігінен,
Тойқұмар Торғай жұрты куә болсын.

*Жангелдин аудандық «Жаңа өмір» газеті,
05.11.1968 ж.*